1.5 Қауіпсіздік техникасын сақтаумен жұмыстар орындау

Жұмыстарды атқару кезінде осы құжатта келтірілген қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар, қауіпсіздік техникасы бойынша қолданыстағы ұлттық ұйғарымдар, жұмыстарды орындау, тұтынушыдағы қолданыстағы жабдықтарды пайдалану мен қауіпсіздік техникасы сақталулары керек.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсетуші қызметкерлерге арналған қауіпсіздік техникасы нұсқаулары

- Егер жабдықтар пайдалануда болса, қолда бар жылжымалы тораптардың қорғаныс қоршауларын демонтаждауға тыйым салынады.
- Электр энергиясымен байланысты қауіптердің пайда болу мүмкіншіліктерін болдырмау қажет (толығырақ мәлімет алу үшін, мәселен ЭҚЕ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың ұйғарымдарын қарастырыңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, бақылау және монтаждау жұмыстарын орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы нұсқаулары

Тұтынушы барлық техникалық қызмет көрсету, бақылау және монтаждау бойынша барлық жұмыстардың орындалуларын монтаждау және пайдалану бойынша нұсқаулықты толық зерттеу барысында жеткілікті шамада олармен таныстырылған және осы жұмыстарды орындауға рұқсат берілген білікті мамандармен қамтамасыз етуі керек.

Барлық жұмыстар ажыратылған жабдық арқылы жүргізулері керек. Жабдықты тоқтату кезінде монтаждау және пайдалану нұсқаулығында көрсетілген жұмыс тәртібі сақталуы керек.

Жұмыстар аяқталғаннан кейін бірден барлық демонтаждаушы қорғаныс және сақтандырғыш құрылғылары қайтадан орнатылулары немесе қосылуы керек.

1.8 Қосалқы тораптар мен бөлшектерді дайындау және өздігінен қайта жабдықтау

Құрылғыларды қайта жабдықтау немесе түрлендіру жұмыстарын тек өндірушімен келісу бойынша орындауға рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы тораптар мен бөлшектер, сонымен бірге өндіруші фирма арқылы қолдануға рұқсат етілген толымдағыштар пайдалану сенімділігімен қамтамасыз етеді.

Басқа өндірушілердің тораптар мен бөлшектерді қолдануы, өндірушінің осының салдарынан пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Рұқсат етілмейтін пайдалану режимдері

Жеткізілуші жабдықтардың пайдаланушылық сенімділігіне «Қолдану аясы» бөліміндегі функционалдық тағайындауға сай қолданған жағдайда ғана кепілдеме беріледі. Техникалық деректерде көрсетілген рұқсат етілетін мәндер барлық жағдайларда үнемі сақталулары керек.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабық вагондарда, жабық автокөліктерде әуе, су немес теңіз келігімен жүргізу керек.

Механикалық факторлардың әсер етуіне байланысты жабдықтарды тасымалдау шартары ГОСТ 23216 бойынша «С» тобына сәйкес болуы керек.

Қапталған жабдықты тасымалдау кезінде өздігінен жылжуын болдырмау үшін тасымалдаушы құралдарға берік бекітілуі керек.

Жабдықтарды сақтау шарттары ГОСТ 15150 бойынша «С» тобына сәйкес болуы керек.

Максималды тағайындалған сақтау мерзімі 2 жылды құрайды.

Сақтау және тасымалдау температурасы: мин. $-40\text{ }^{\circ}\text{C}$; макс. $+70\text{ }^{\circ}\text{C}$. Барлық сақтау мерзімінің ішінде консервациялау талап етілмейді.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалар мәні



Ескерту

Аталған нұсқаулардың орындалмауы адамдардың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.



Ескерту

Аталған нұсқаулардың орындалмауы электр тоғымен зақымдалудың себебіне айналады және адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті салдар бола алады.

Назар
аударыңыз

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды орындамау жабдықтың бұзылуына және бүлінуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

Нұсқау

Жұмысты жеңілдететін және жабдықтың қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ететін ұсыныстар немесе нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәлімет

Аталған құжат UPA сорғыларына таралады.

Құрылым

UPA сорғылары герметикалық қауыз статорынан оқшауланған роторлы сорғылар болып табылады, яғни, сорғы мен электрлі қозғалтқыш тек екі нығыздағыш аралық төсемдер қолданылатын білікті тығыздаусыз бірыңғай торапты құрайды. Мойынтіректер айдалатын сұйықтықпен майланады.

Осы сорғылардың құрылымы:

- алюминий оксидінен (UPA 15-90) немесе керамикадан (UPA 15-120 және UPA 120) жасалған білік және радиал мойынтіректер;
- графиттік тірек мойынтірегі;
- ротордың қорғаушы қауызы және тот баспайтын болаттан жасалған мойынтіректер;
- коррозияға төзімді композиттен жасалған жұмыс дөңгелегі;
- сорғының корпусы шойыннан немесе тот баспайтын болаттан жасалған.

UPA 15-90 және UPA 15-120 сорғысы кіріктірілген ағын релесінен тұрады. Ол камерада жылжитын (1) магниттен тұрады (2). Сұйықтықтың сорғыда жылжуы кезінде, магниттік ұштығымен жиектеме жылжиды және клеммалық қораптағы магниттік түйіспе (3) тұйықталады. Сорғы бұл жағдайда іске қосылады.

UPA 15-90 и UPA 15-120 сорғысының ішкі ағын релесінің қимасы *1 қосымшада* келтірілген. UPA 120 сорғысы сыртқы ағын релесімен жиынтықта жеткізіледі.

Электрлі қозғалтқыш

UPA сорғылары қ.т. ротормен 2 полюстік асинхронды электрлі қозғалтқыштармен жабдықталған. Бір фазалы желіге арналған сорғылар бір жылдамдықты орындалудағы электрлі қозғалтқышпен жеткізіледі.

Клеммалық қорап жеңіл ашылады және кабельді қосуға арналған қысқыштармен жабдықталған. Кабельдік кіріс тығыздағышқа және кабельдің қабықшаларына арналған қысқышқа ие.

Кабельдерді қосуға арналған атқарымдық клеммалармен жабдықталған клеммалық қорап еркін қол жетімді болады.

Қорғаныс деңгейі: IPX2D

Оқшаулау класы: Н.

UPA 15-90(N) сорғыларының электрлі қозғалтқышы қысқа тұйықталудан қорғаныспен және толық кедергі қорғанысымен жабдықталған. UPA 15-120 және UPA 120 электрлі қозғалтқышы жылу асқын жүктелулерінен қорғаныспен жабдықталған. Кез келген жағдайда, электрлі қозғалтқыштың сыртқы қорғанысын қарастыру қажеттілігі жоқ.

Фирмалық тақтайша

Сорғының фирмалық тақтайшасы *2 қосымшада* келтірілген.

Айналым сорғыларының әдепкі белгісі

Мысалы	UP	A	15	-90	N	160
Типтік қатар						
Ағын релесі бойынша автоматты іске қосу/тоқтату						
Сорғыш және арынды келті құбырдың атаулы диаметрі (DN), [мм]						
Максималды арын [дм]						
Сорғы корпусы = шойын (егер әріптік таңбалану болмаса)						
N = тот баспайтын болат						
Монтаж ұзындығы [мм]						

Мысалы	UP	A	120
Типтік қатар			
Ағын релесі бойынша автоматты іске қосу/тоқтату			
Максималды арын [дм]			

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алу кезінде қаптаманы және жабдықтың өзін тасымалдау кезінде орын алуы мүмкін зақымдалуларын тексеріңіз. Қаптаманы қолдану алдында ішінде құжаттар және кішкентай бөлшектер қалмағанын мұқият тексеріп алыңыз. Егер алынған жабдық тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдық жеткізушіге хабарласыңыз. Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымдалса, тасымалдау компаниясымен бірден хабарласыңыз және жабдық жеткізушісіне хабарлаңыз. Жеткізуші өзімен бірге ықтимал зақым келуге мұқият қарау құқығын сақтайды.

Қаптаманы жою жөніндегі мәліметті 18. *Қаптаманы жою жөніндегі ақпарат* бөлімнен қар.

5.2 Жылжыту



Ескерту

Қолмен атқарылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалар мен ережелерді сақтау керек.



Жабдықты қуат беру кабелінен көтеруге тыйым салынады.

6. Қолдану аясы

Корпусы шойыннан және тот баспайтын болаттан жасалған (сорғы түріне байланысты) UPA түріндегі айналым сорғылары жеке меншік үйлерді сумен жабдықтау жүйелеріндегі қысымды арттыруға арналған. UPA сорғылары ашық жүйелерде қолданылады, сонымен қатар сумен жабдықтау жүйесіне тікелей қосыла алады.

Сорғы түріне байланысты, сорғылар сұйықтықтың келесідей түрлерімен түрлі орындалуларда қолданылады:

- Тұщы су;
- Хлорланған ауыз су.

**Ескерту**

Сорғыны дизельдік отын, бензин секілді тұтанғыш сұйықтықтарды және басқа да сондай сұйықтықтарды айдау үшін қолдануға тыйым салынады.

**Ескерту**

Сорғыны қышқылдар және теңіз суы секілді агрессивтік сұйықтықтарды айдау үшін қолдануға тыйым салынады.

**Ескерту**

ЫСЖ жергілікті жүйелеріндегі айдалатын сұйықтық температурасы Legionella пайда болуын болдырмау үшін әрдайым 50 °C-тан жоғары болуы керек.

Қазандықты қыздыруға ұсынылатын температура: 60 °C.

7. Қолданылу қағидаты

УРА сорғыларының қолданылу қағидаты кіріс келте құбырдан шығысқа жылжитын сұйықтықтың қысымын арттыруға негізделген. Қысымның артуы жұмыс дөңгелегімен білік арқылы біріктірілген электрлі қозғалтқыштың роторына электрлі қозғалтқыш статорының орамынан электр магниттік энергиясын беру жолымен орын алады. Сұйықтық сорғының кіріс келте құбырынан жұмыс дөңгелегінің ортасына, одан кейін қалақшалары бойымен ағады. Ортадан тепкіш күш әсерімен сұйықтық жылдамдығы артып, кинетикалық энергия артып, шығыс келте құбырдағы қысымға түрлендіріледі. Сорғының корпусы сұйықтықтың жұмыс дөңгелегінен сорғының шығыс келте құбыры бағытында жиналатындай етіп құрастырылған.

8. Механикалық бөліктерді монтаждау

Жадбықты монтаждау бойынша қосымша мәліметтер Қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) берілген.

УРА айналым сорғылары оны аударылу, құлау немесе кездейсоқ орнын ауыстыру қауіптерісіз қолданумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылу орнына берік бекітілуі керек.

Сорғы электрлі қозғалтқыштың білігі көлденең күйде болғандай орнатылуы керек.

Назар
аударыңыз

UPA сорғысының құрышы қосқыш келте құбырмен тігінен немесе көлденеңінен орнатыла алады, бұл ретте электрлі қозғалтқыштың білігі көлденең күйде болуы керек.

UPA сорғысын қосудың алдында сорғының қосылу орнын сумен жуу, сосын сорғыны құбыр желісіне қосу керек.

Назар
аударыңыз

Сорғының мойынтіректері сумен майланады, сондықтан оны сусыз 10 секундтан аса уақытқа қосуға рұқсат етілмейді.

UPA 120 сорғысы жиынтықта жеткізілетін сыртқы ағын релесінен іске қосылады/ажыратылады. Ағын релесін сорғының шығысына орнату қажет.

Клеммалық қораптың орналасуы

UPA сорғыларына арналған клеммалық қораптың рұқсат етілген орналасуын Қысқаша Нұсқаулықтан (Quick Guide) қараңыз.

Сорғыларда құрғатқыш саңылау болғандықтан, клеммалық қорап сорғының астында болмауы керек (Қысқаша Нұсқаулықтан (Quick Guide) қараңыз).

9. Электр жабдықтарының қосылымы

Сорғыны электр резеткіге қосу.

Назар
аударыңыз

Жалғағыш жерге тұйықталуы керек. Барлық электр қосылулары қолданыстағы нормаларға сәйкес жүргізілу керек.



Сорғы тек жабық бөлмелерде ғана орнатылуға арналған. Сорғыны қандай да болмасын су шашырандыларынан қорғау қажет. Сорғыны орнату орны жақсы желдетілетін, шық түспейтін және ылғалдылыққа бейім емес болуы керек.

UPA 15-90(N) сорғыларының электрлі қозғалтқышы қысқа тұйықталудан қорғаныспен және толық кедергі қорғанысымен жабдықталған. UPA 15-120 және UPA 120 электрлі қозғалтқышы жылу асқын жүктелулерінен қорғаныспен жабдықталған. Электрлі қозғалтқышты қосымша қорғау талап етілмейді.

Қуат беру баусымының судың кабель бойынша клеммалық қорапқа кетіп қалмайтындай етіп клеммалық қораптан төмен асылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер сорғы ауа жинала алатын құбырға орнатылған болса, онда оған автоматты ауақайтарғы орнатылған болу керек. (Қысқаша Нұсқаулықтан (Quick Guide) қар.).

10. Пайдалануға беру

Назар
аударыңыз

Сорғыны жүйе айдалатын сұйықтықпен толғанға дейін пайдалануға шығармаңыз.

UPA сорғыларын пайдалануға шығару үшін желілік ажыратқышты «Іске қосулы» күйіне ауыстыру керек.

Пайдаланудың оңтайлы режиміне жету үшін сорғыдан ауа шығарылу керек, ол үшін:

- 1) сорғыны электр резеткіге қосу, желілік ажыратқышты «Іске қосулы» күйіне ауыстыру.
- 2) UPA 15-90(N) типіндегі сорғылар үшін: ауыстырып-қосқышты «AUTO» қалпына орнату;
- 3) қранды ашу;
- 4) тығындағы оймакілтектерге арнайы құралды қою;
- 5) тығынды бұрау, сорғы корпусынан ауаны шығару;
- 6) тығынды бұрау.

11. Пайдалану

Назар
аударыңыз

Сорғыны барлық жүйеден ауаны шығару үшін қолданбаңыз. Жұмыс сұйықтығымен толтырылмаған сорғыны пайдалануға болмайды.

Сорғы барлық қызметтік мерзімінде мерзімдік диагностикалауды талап етпейді.

Сорғының ұзақ уақыт бойы жүйеде сусыз немесе кірістегі минималды шекті қысымсыз жұмыс істеуіне тыйым салынады (14. *Техникалық сипаттамалар* бөлімінен қар.). Аталған талаптардың сақталмауы қозғалтқыш пен сорғының бұзылуларына әкеліп соқтыруы мүмкін.

UPA 15-90(N) сорғыларының теңшеулері 1 кестеде келтірілген. UPA 15-120 и UPA 120 сорғыларын теңшеу талап етілмейді, бұл сорғыларда тек «AUTO» режимі ғана бар.

1-кесте.

OFF	Сорғы тоқтатылған.
AUTO	Сорғы 90 л/сағ су шығыны кезінде ағын датчигінен іске қосылады. Ағынды бұл мәндерден төмен азаюы кезінде, сорғы автоматты түрде ажыратылады.
MANUAL	Сорғы іске қосылған қалыпта тұрақты болады. Қалыптардың сақтық шаралары ретінде, MANUAL арнайы қосумен бұғатталды. Бұл режимде пайдалану қажет болған жағдайда ендіріме бұрағышпен шешіле алады.



Ауыстырып-қосқыш MANUAL қалпында болған кезде, тым болмаса бір қран ашық болуы керек. Кері жағдайда айдалатын сұйықтық сорғының ішінде қайнап кете алады.

12. Техникалық қызмет көрсету

Сорғыға техникалық қызмет көрсету келесі мәселелерді қарастыруы керек: 3 айда бір рет электр кабелі мен электр қалыбының бүтіндігін тексеру. Сонымен бірге сондай жүйелілікпен сорғының/сорғылардың кіріс және шығыс келте құбырлары қосылуларының бүтіндіктерін тексеру. Айдалатын ортаға байланысты (жүзгіндердің, темір тұздарының болуы, судың жоғары кермектігі) сорғы бөлігін тазалау қажет етілуі мүмкін.



Ескерту
UPA типіндегі сорғылармен кез келген жұмыстарды бастамастан бұрын, электр қуат көзінің ажыратулы екеніне және оның кездейсоқ іске қосылмайтындығына көз жеткізіңіз.

13. Істен шығару

UPA типіндегі сорғыларды пайдаланудан шығару үшін, желілік ажыратқышты «Сөндірулі» күйіне ауыстыру керек.



Барлық желілік ажыратқышқа дейін орналасқан электр желілері әрдайым кернеулі болады. Сол себепті, жабдықтың кездейсоқ немесе рұқсатсыз қосылуын болдырмас үшін желілік қосқышты бұғаттау керек.

14. Техникалық сипаттамалары

UPA сорғыларының шығыс-арын мәндері 3 қосымшада келтірілген.

Айдалатын сұйықтық температурасы +2 °С-тан +95 °С-қа дейін

Қоршаған орта температурасы мен сұйықтық температурасы

Стандартты сорғыларға арналған қоршаған орта температурасы +2 °С минималды қол жетімді сұйықтық температурасы кезінде сұйықтық температурасынан төмен болмауы керек, кері жағдайда статор корпусында конденсат пайда болуы мүмкін.

Жұмыс қысымы

Жүйедегі максималды жұмыс қысымы 6 бар

Кірістегі қысым

Кавитациялық шу мен сорғы мойынтіректерінің бүлінулерін болдырмау үшін, сорғыш келте құбырға 2,0 м/0,2 бар минималды қысым мәні қамтамасыз етілуі керек.

Қуат беру кернеуі 1 x 220–240 В, 50 Гц.

Оқшаулау класы Н.

Қорғаныс деңгейі IPX2D.

Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы макс. 95 %.

Шу деңгейі < 43 дБ (А).

Сорғы қосылуының минималды шығыныUPA 15-90 (N) арналған $Q_{\text{қосу}}$ 1,5 л/минUPA 15-120 арналған $Q_{\text{қосу}}$ 1,7 л/минUPA 120 арналған $Q_{\text{қосу}}$ 2,5 л/мин

Габариттік көлемдері мен электр сипаттамалары 4 қосымшада келтірілген.

15. Ақаулықты табу және жою

Пайдалану бойынша қосымша нұсқаулар Қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) келтірілген.

UPA 15-90(N) сорғыларының ақаулықтарын табу және жою 2 кес. келтірілген.

2-кесте.

Ақаулық	Себебі	Ақаулықтарды жою
Сорғы жұмыс істемейді.	Ауыстырып-қосқыш OFF қалпында (UPA 15-90(N)арналған).	Ауыстырып-қосқышты AUTO немесе MANUAL қалпына ауыстыру.
	Су ағыны сорғыны іске қосу үшін тым әлсіз (UPA 15-90 (N) үшін 1,5 л/мин; UPA 15-120 үшін 1,7 л/мин; UPA 120) үшін 2,5 л/мин көптеу болуы керек.	Ауыстырып-қосқышты (UPA 15-90(N) үшін) MANUAL қалпына ауыстыру, судың үлкен ағынын құру (UPA 15-120 және UPA 120 үшін).
	Сорғы қарысып қалды.	Сорғының су жүретін бөлігін тексеру және қажет болған жағдайда жуу.
	Ағыс релесі лайланды.	Реле корпусының бастиек бөлігін шешіп алу және бөлшектерін тазалау.
Сорғы жұмыс істейді, бірақ қысым тудырмайды.	Кранды жабу.	Кранды ашу.
	Жүйеден ауа шығарылмады.	Сорғыны ашық кранмен бірнеше минут іске қосылған күйде қалдыру.
	Сорғы ластанған.	Сорғы бөлігін бөлектеу және сорғыны тазалау.

Ақаулық	Себебі	Ақаулықтарды жою
Сорғыда шу.	Жүйеде/сорғыда ауа.	Сорғыны ашық кранмен бірнеше минут іске қосылған күйде қалдыру.
Сорғы кран жабық кезде сөндірілмейді.	Ауыстырып-қосқыш MANUAL қалпында (UPA 15-90(N) үшін). Ағыс релесі лайланды.	Ауыстырып-қосқышты AUTO немесе MANUAL қалпына ауыстыру. Реле корпусының бастиек бөлігін шешіп алу және бөлшектерін тазалау.

UPA 15-90(N) және UPA 15-120 сорғыларына арналған ағын релесі лайланған жағдайда оны тазалауды жүргізу керек.

1. Жұмысты бастаудың алдында қуат беруді ажырату, беруші және арынды құбыр желісін жабу керек.
2. Қозғалтқыш статорын ұстай отырып, төрт орнатушы бұранданы (4 немесе 5 мм сомын бұрағышпен) шешіңіз.
3. Статорды сорғы қауызынан мұқият бөлектеу және клеммалық қораппен статорды ағыс релесі қол жетімді болғандай бұрау.
4. Орнатушы бұрандаларды орындарына қойыңыз және оларды қиғашынан және тұрақты сәттермен бұраңыз (5 Н*м).
5. Ағын релесінің қорғаныс қалпағынан екі орнатушы бұрандаларды бұрап шығару.
6. Қорғаныс қалпағы мен клеммалық қорабымен статорды бастапқы қалыпқа орнату және бекіту.

16. Бұйымды кәдеге жарату

Құрал күйінің негізгі шектік шарттары:

1. жөндеу немесе алмастыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдалануды экономикалық жөнсіздікке әкеліп соқтыратын жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге кететін шығындарды арттыру.

Бұл жабдық, сонымен қатар тораптары мен бөлшектері экология саласындағы жергілікті заңнама талаптарына сәйкес жиналып қоқысқа тасталуы керек.

17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

Grundfos Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты өндіруші ел жабдықтың фирмалық тақтайшасында көрсетілген.

Өндірушінің уәкілетті тұлғасы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истринский ауданы, Лешково, 188 үй.

Еуразиялық экономикалық одақ аумағында импорттаушылар:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истринский ауданы, Лешково, 188 үй;

«Грундфос» ААҚ
109544, Мәскеу қ., Школьная көш., 39-41, 1 құр.;

«Грундфос Қазақстан» ЖШС

Қазақстан, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көш., 7.

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.

Тағайындалған қызметтік мерзімі аяқталғаннан кейін, жабдықты пайдалану аталған көрсеткішті ұзарту мүмкіндігі жөнінде шешім қабылдағаннан кейін жалғаса алады. Жабдықты аталған құжаттың талаптарынан ерекшеленетін тағайындалу бойынша пайдалануға жол берілмейді.

Жабдықтың қызметтік мерзімін ұзарту жөніндегі жұмыстар адамдардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға арналған қауіпсіздік талаптарын төмендетпей заңнамаға сәйкес жүргізілуі керек.



Техникалық өзгерістердің болуы ықтимал.

18. Қаптаманы жою жөніндегі ақпарат

Grundfos компаниясымен қолданылатын қаптаманың кез келген түрінің таңбалауы туралы жалпы ақпарат





Қаптама тағам өнімдеріне тигізуге арналмаған

Қаптау материалы	Қаптау/қосалқы қаптау құралының атауы	Қаптау/қосалқы қаптау құралы әзірленетін материалдың әріптік белгіленуі
Қағаз бен картон (гофрленген картон, қағаз, басқа картон)	Қораптар/жәшіктер, салымдар, төсемелер, салмалар, торлар, бекіткіштер, толтырма материал	 PAP
Сүректер мен ағаш материалдары (ағаш, тығын)	Жәшіктер (ағаш талшықты тақталардан жасалған шере және тақтай), табандықтар, торламалар, алынбалы ернеулер, тақталар, бекіткіштер	 FOR

Grundfos компаниясымен қолданылатын қаптаманың кез келген түрінің таңбалауы туралы жалпы ақпарат





Қаптама тағам өнімдеріне тигізуге арналмаған

Қаптау материалы	Қаптау/қосалқы қаптау құралының атауы	Қаптау/қосалқы қаптау құралы әзірленетін материалдың әріптік белгіленуі
(тығыздығы төмен полиэтилен)	Жабындар, қаптар, таспалар, пакеттер, ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер	 LDPE
Пластик (тығыздығы жоғары полиэтилен)	Бекіткіш төсемелер (таспалы материалдардан жасалған), оның ішінде ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер, толтырма материал	 HDPE

Grundfos компаниясымен қолданылатын қаптаманың кез келген түрінің таңбалауы туралы жалпы ақпарат



Қаптама тағам өнімдеріне тигізуге арналмаған

Қаптау материалы	Қаптау/қосалқы қаптау құралының атауы	Қаптау/қосалқы қаптау құралы әзірленетін материалдың әріптік белгіленуі
Пластик (полистирол)	Аралық қабаттар пенопластан жасалған тығыздағыштар	 PS
Біріктірілген қаптама (қағаз және картон/ пластик)	«Скин» түрлі қаптама	 C/PAP

Grundfos компаниясымен қолданылатын қаптаманың кез келген түрінің таңбалауы туралы жалпы ақпарат



Қаптама тағам өнімдеріне тигізуге арналмаған

Қаптаманың жөне/немесе қосымша қаптау құралының таңбалауына назар аударыңыз (қаптамаға/қосымша қаптау құралына белгілейтін дайындаушы зауыт).

Қажет болғанда Grundfos компаниясы ресурстарды үнемдеу және экологияны қорғау мақсатында пайдаланылған буманы және/немесе қосымша қаптау құралын қайта пайдалануы мүмкін.

Өндіруші шешімімен қаптама, қосымша қаптау құралы және олардан дайындалған материалдар ауыстырылуы мүмкін. Маңызды ақпаратты осы Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтың «Өндіруші» бөлімінде көрсетілген дайын өнімнің өндірушісінен пысықтаңыз. Аталған Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтың «қызметтік мерзімі». Сұраныс кезінде өнім нөмірін және жабдықты дайындаушы елді көрсету керек.

Приложение 1.




Рис. 1 Разрез внутреннего реле протока, UPA 15-90(N)




Рис. 2 Разрез внутреннего реле протока, UPA 15-120

Приложение 2.




Рис. 3 Фирменная табличка циркуляционных насосов типа UPA


RU

- 1 – условное типовое обозначение насоса (смотрите типовое обозначение);
- 2 – напряжение, частота электропитания;
- 3 – параметры конденсатора;
- 4 – номинальный ток на разных скоростях $I_{1/1}$ [A];
- 5 – максимальная потребляемая мощность на разных скоростях P_1 [Вт];
- 6 – номер продукта;
- 7 – код производства (первые 4 цифры – год и неделя производства);
- 8 – страна изготовления;
- 9 – знаки соответствия;
- 10 – степень защиты;
- 11 – температурный класс;
- 12 – класс изоляции;
- 13 – максимальное давление в системе [бар/МПа];
- 14 – направление вращения.

KZ

- 1 – сорғының шартты типтік мәні (типтік мәнін қараңыз);
- 2 – кернеу, электр қуатының жиілігі;
- 3 – конденсатор параметрлері;
- 4 – әр түрлі жылдамдықтағы номиналды ток $I_{1/1}$ [A];
- 5 – P_1 әр түрлі жылдамдықтағы мейлінше жоғары тұтынылатын қуат [Вт];
- 6 – өнім нөмірі;
- 7 – өндіріс коды (алғашқы 4 сандар – Өндірілген жыл мен аптасы);
- 8 – дайындаушы ел;
- 9 – сәйкестік белгісі;
- 10 – қорғаныш дәрежесі;
- 11 – температуралық сынып;
- 12 – оқшаулау сыныбы;
- 13 – жүйедегі мейлінше жоғары қысым [бар/МПа];
- 14 – айналу бағыты.

Приложение 3.




TM06 2280 3914

Приложение 4.

Габаритные и присоединительные размеры


UPA 15-90, 1 x 230 V, 50 Hz



Тип продукта	Размеры [мм]							Вес [кг]	
	L1	L2	H1	H2	B1	B2	G	Нетто	Брутто
UPA 15-90	160	214	23	103	50	54	3/4"	2.5	2.7

$P1_{max}$ [Вт]	$I_{1/1}$ [А]
120	0.48

UPA 15-120, 1 x 230 V, 50 Hz




TM06 5103 3315

Тип продукта	Размеры [мм]					Вес [кг]		
	L1	H1	H2	B1	B2	G	Нетто	Брутто
UPA 15-120	200	20	130	63	69	1"	4.7	5.1

P1 _{max} [Вт]	I _{1/1} [А]
200	0.89

UPA 120, 1 x 230 V, 50 Hz



TM06 5265 4215

Тип продукта	Размеры [мм]						Вес [кг]	
	L1	H1	H2	B1	B2	G	Нетто	Брутто
UPA 120	180	20	130	63	69	1"	4.7	5

$P1_{max}$ [Вт]	$I_{1/1}$ [А]
250	1.14

RU

Циркуляционные насосы UPA сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.00651, срок действия до 01.04.2019 г. Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат рег. № РОСС RU.0001.11АИ30, выдан 01.03.2011 г., адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; 153032, г. Иваново, ул. Станкостроителей, 1 (фактический), телефон: +7 (4932) 239748. Принадлежности, комплектующие изделия, запасные части, указанные в сертификате соответствия, являются составными частями сертифицированного изделия и должны быть использованы только совместно с ним. Информация о подтверждении соответствия, указанная в данном документе, является приоритетной.



Информация о подтверждении соответствия

KZ

УРА айналым сорғылары Кедендік одақтың «Төменвольтты құрылғының қауіпсіздігі» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар мен жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электромагнитті үйлесімділігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігіне сартификацияланған.

Сәйкестік сертификаты:



№ TC RU C-DK.AI30.B.00651, әрекет ету мерзімі 01.04.2019 ж. дейін. «Сертификаттың Иванов Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімі сартификациясы бойынша орган арқылы берілді, аккредитация куәлігі № РОСС RU.0001.11AI30, 01.03.2011 ж. берілген, Мекен-жай: 153032, Ресей Федерациясы, Ивановский обл., Иваново қ., Станкостроители көш., 1 үй; 153032, Иваново қ., Станкостроители көш., 1 (нақты), телефон: +7 (4932) 239748. Сәйкестік сертификатында көрсетілген керек-жарақтар, құрамдас құралдар, қосалқы бөлшектер сартификатталған құралдың құрамдас бөлшектері болып есептеледі және тек сәйкес пайдаланылуы керек. Аталған құжатта көрсетілген сәйкестікті растау туралы мәліметтер басым болып табылады.

По всем вопросам обращайтесь:

Российская Федерация

ООО Грундфос
109544, Москва,
ул. Школьная, д. 39-41, стр. 1
Тел.: +7 (495) 564-88-00,
+7 (495) 737-30-00
Факс: +7(495) 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт».
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: +7 (375 17) 286-39-71
E-mail: minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы,
KZ-050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы,
Қыз-Жібек көшесі, 7.
Тел.: +7 (727) 227-98-54
Факс: +7 (727) 239-65-70
E-mail: kazakhstan@grundfos.com

be think innovate

98749792 1117

ECM: 1221112

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.
www.grundfos.com
© Copyright Grundfos Holding A/S

www.grundfos.com

GRUNDFOS 